

Ph.D. докторларын дайындауға арналған қаржылық нормативтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 211 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 22 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4235. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 шілдедегі N 252 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 03.07.2013 № 252 бұйрығымен.

Эксперименталдық білім беру бағдарламаларының шеңберінде Ph.D докторларын дайындауға арналған республикалық бюджеттің қаражаттарын ретке келтіру және оңтайлы пайдалану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) 1-қосымшаға сәйкес шетелдік ұйымдарда тағылымдамада (көшпелі іссапарда) жүрген Ph.D. докторларына тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормалары;

2) 2-қосымшаға сәйкес Ph.D. докторларын дайындауға арналған шығыстардың Үлгілік құрылымы бекітілсін.

2. Бюджеттік департаменті (Т А. Нұрғожаева):

осы бұйрықты белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

осы бұйрықты жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Х.Өтеулинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2006 жылғы 25 сәуірдегі

N 211 бұйрығына 1-қосымша

Шетелдік ұйымдарда тағылымдамада (көшпелі іссапарда) жүрген Ph.D. докторларының шығыстарын өтеу нормалары

N	Нормалардың атауы	
1	Тәуліктік	Шетелдерде қысқа мерзімде іссапарда жүрген қызметкерлерге тәуліктік жөніндегі шығыстарды өтеу нормасынан 50% мөлшерінде ("Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шетелдік іссапарларға валюталық

		қаражаттың жұмсалудың ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 148 қаулысы)
2	Оқу процесі кезінде тұру	Құжатпен расталған нақты шығыстар бойынша, бірақ айына 1500 АҚШ долларына баламалы сомдан артық емес
3	Көлік шығыстары	Құжатпен расталған нақты шығыстар бойынша. Қазақстан ішіндегі жол жүру ақысы купелі вагоннан жоғары емес теміржол көлігіне жүк тасымалының ақысы қосылмай төленеді. Қазақстаннан тысқары жерде жол жүру: 1) "эконом" класынан жоғары емес авиакөлікпен жүк тасымалының ақысы қосылмай; 2) купелі вагоннан жоғары емес теміржол көлігіне жүк тасымалының ақысы қосылмай төленеді
4	Оқу процесін қамтамасыз ету үшін оқу материалдарын сатып алу, интернетті, кітапхана қорын пайдалану	Құжатпен расталған нақты шығыстар бойынша, бірақ 500 АҚШ долларына баламалы сомдан артық емес
5	Іссапар кезеңінде шетелге келуге байланысты шығыстар (виза ресімдеу, сауалнама нысандарын төлеу, жазатайым және кенеттен болатын аурулардан медициналық сақтандыру)	Құжатпен расталған нақты шығыстар бойынша
6	Білім алу және тағылымдамадан өту үшін	Нақты шығыстар бойынша, жекелеген әрбір білім беру ұйымдарымен жасасқан шартта көрсетілген сомдан артық емес

Ескерту: Барлық оқу кезеңінде 2 реттен артық емес 3 айға дейін тағылымдамадан өтуге арналған (көшпелі іссапар) шығыстары бюджет қаражаттары есебінен өтеледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2006 жылғы 25 сәуірдегі

N 211 бұйрығына 2-қосымша

**Ph.D. докторларын дайындауға
арналған шығыстардың үлгілік құрылымы**

N	Шығыстар атауы
1	Ғылыми кеңесшілердің, оқытушылардың, оның ішінде шетелдік ұйымдардан шақырылғандардың еңбекақы шығыстары
2	Стипендия төлеуге арналған шығыстар
3	Әлеуметтік аударымдар
4	Интернет шығыстарын, оқу процесіне қатысты байланыс қызметтерін төлеу
5	Оқу және ғылыми процесті қамтамасыз етуде материалдар сатып алу
6	Шетел ұйымдарында тағылымдамадан өту (көшпелі іссапарлар)
7	Отандық және шетел басылымдарында ғылыми мақалалар жариялау
8	Оқу процесіне байланысты құжатпен расталған басқа шығыстар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК